



9/2007

ЗАН,

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ



Сыбайлас жемқорлық –
қоғам дерті

Алмас АХМЕТЖАНОВ

{ 15-бет }

“Мұнай бізге дос та,
жау да тауып береді”

Айман СЕЙІЛБЕКҚЫЗЫ

{ 16-бет }

Қылмысты саралаудағы
қасақаналықтың маңызы

А. МАЛИКОВА

{ 26-бет }

I Дарий патша және ол қалдырған дереккөздері

Досбол Байгунаков

Абай атындағы ҚазҰПУ

аға оқытушысы,

тарих ғылымдарының кандидаты

Мемлекетті басқару ісінде нәтижелі әкімшілік-құқықтық реформалар жүргізген көне дәуірдегі аса ірі қайраткерлер мен қолбасшылардың бірі парсылық I Дарий (Дариуш, Дараявауш) есімі туралы ерте темір дәуірінің саяси мәселелерін қарастырған шетелдік тарихи әдебиеттерде біршама айтылып жүргенімен, отандық тарихнамада ол жайында арнайы жазылған еңбектер жоқтың қасы. Отан тарихы үшін көне Персияның билеушісі I Дарий патша тасқа қашатып қалдырған бірқатар дерек көздерінің маңызы зор, олар сақ заманындағы біршама мәліметтерді анықтауға әрі нақтылауға мол мүмкіндік береді. Сол себепті де, ахемендік әулеттен шыққан бұл патшаның жеке тұлғасы мен оның әскери, әкімшілік-құқықтық реформалары және де артына қалдырған сына жазбалары жайында сөз қозғау қажеттілігі, тарихнамалық талдау жасау керектігі күн санап артып келеді.

Ғылыми әдебиеттерде патшаның туған жылы айтылмайды, оны авторлар б.з.б. 486 ж. қайтыс болды деп көрсетеді. Геродот сынды тарихшы шығармасында оның билікке келгендегі жасы 28-де деп жазылады. Бұған сенсек, I Дарий патша б.з.б. 550 ж. туылған. Нақты белгілі жайттар, билікке ол б.з.б. 522 ж. келіп, өмірінің соңына дейін патшалық құрды. Патшаның өзі қалдырған тарихи мәліметтерге қарағанда, ол билікке әулетке қарсы туындаған

көтерілісті басып-жаныштағаннан кейін келген. Гаумата атты маг б.з.б. 522 ж. 2 сәуірде билікті басып алады да, өзін «Камбис патшаның бауырымын», «Кирдің ұлы Бардиямын» деп жариялайды. Бардияны Камбис өлтірген болатын. Ел арасында бұған қатысты түрлі алып-қашпа әңгімелер тарайды. Халықтың біраз бөлігі Гауматаны Бардия деп таниды да, оны қолдап еліші бүлінеді. Б.з.б. 522 ж. 29 қыркүйекте I Дарий жалған патша Гауматаның көзін құртып, жоғары билікті өз қолына алады. Мұны заңдастыру үшін ол Кирдің қызы Атоссаны әйелдікке алады да, таққа деген мұрагерлігін елге паш етеді.

Мемлекеттік билікті қолға алысымен-ақ I Дарий елдегі көтерілістерді басып жаныштауға кіріседі. Кезінде халықтың қолдауына сүйенуге ұмтылған Гаутама 3 жылға дейін халықты барлық алым-салықтан және әскери міндеткерліктерден босатқан болатын. Сондықтан да, жаңа патшаға біраз уақыт туындаған көтерілістерді басумен айналысуға тура келді. Таққа отыра салып I Дарий көтеріліс өрті тұтқан Бабылға (Вавилонияға) жорық жасады. Мұнда жүрген кезде одан Персия, Сузиана, Лидия, Ассирия, Армения, Парфия, Маргиана, Саттагидия, Скифия елдері мен халықтары бөлініп кетеді. Бұл жерлерді қайтадан қалпына келтіріп, өзіне қосу үшін I Дарий бір жылдай уақытын жоғалтты. Б.з.б. 522 жылдың желтоқсанында патша өзіне дейін мемлекетті басқарған Кир мен Камбистің державасын қалпына келтіреді. Аз ғана уақыттың ішінде оның билігін көптеген халықтар мойындады. Сондықтан да, I Дарий көне замандағы ұлы қолбасшылардың бірі ретінде тарихшылар тарапынан өз бағасын алған. Б.з.б. 519-512 жылдары парсылар Фракияны, Македонияны және Үндістанның солтүстік-

батыс бөлігін жаулап алады. I Дарий тұсында грек-парсы соғыстары (б.з.б. 500-449) басталады.

Сақтар парсылар жағында қатысқан бұл соғыстардың бірі «Марафон шайқасы» деген атпен ежелгі дүние тарихынан орын алады. Аталмыш соғыс б.з.б. 490 ж. 13 қыркүйекте эллиндердің Марафон атты елді-мекенінің жанында болған. Парсылар эллиндіктерге қарағанда үш еседей көп еді. Эллиндердің әскерін он афина стратегтерінің бірі Мильтиад, парсы армиясын (60 мыңдай адам) Датис басқарды. Сақтар атты әскер қатарында болды. Шайқаста парсы әскери өнерімен жете таныс стратег Мильтиад атты әскерлердің өз армиясын айналып өтуін болдырмай тастады. Ол әскерін бүкіл Марафон даласына созып, ортадан екпіндей келген парсыларды ішке кіргізеді де, екі жақтан қыспаққа алады. Нәтижесінде парсылар 6400, эллиндіктер 192 әскерінен айрылды.

I Дарий ежелгі замандағы дарынды мемлекеттік қайраткер, саясаткер және қолбасшы, сондай-ақ ірі реформатор ретінде тарихта қалды. Көне грек тарихшысы Геродот өзінің «Тарих» атты шығармасында Гаутаманы өлтіріп, қарсыластарын жеңгеннен кейін Дарийдің өз жақтастарымен мемлекеттік құрылымға қатысты айтқан пікір-сайысына тоқтап кетеді. Мәтінде патша әріптестері мен I Дарийдің мемлекет қалай дамуы тиіс деген сұрақ төңірегінде пікір алмасады. Отан (Утан) атты әріптесі демократияны, Мегабиз (Багабухш) деген жақтасы олигархияны ең мықты саяси жүйе деп дәріптейді. Ал, I Дарий болса, монархияның артықшылықтарын айтады да, оның қоғамға не үшін керек екендігін баяндап береді. Осыдан кейін патша монархиялық жолды таңдап, елде көптеген реформалар жүргізе бастайды да, мемлекетті әкімшілік-округтар – сатраптарға бөлді. Оларды жергілікті уәкіл сатрап басқарды. Сатраптар парсы шонжарларынан тағайындалды. Патша өзіне қарсы шықпасын әрі орталық биліктен алыс болсын деп парсы ақсүйектерін сатрап етіп, «көтермелей» алыс аудандарға жіберіп

отырды. Белгілі бір ақсүйек отбасын орталықтан алыстату үшін тіпті сатраптықты мұрагерлік жолмен қалдырып та отырды. Сатраптың жанындағы әскер басшысы тек патшаға ғана бағынды. Бұл шара өз кезегінде билік пен әскери күштің сатрап қолында шоғырланбауына алып келді. Тіпті, ақсүйектердің бас көтеруінен қашқан парсы патшасы астананы Персепольдан Сузы қаласына да алмастырды. Сөйтіп, бірқатар шонжарларды орталық биліктен, мемлекеттік істерден шеттетті.

Армияда да I Дарий бірқатар әскери реформалар жүргізді. Ең алдымен патша армиясы қайта жасақталды. Патша армиясының өзегін тек парсылардан ғана жасақталған жаяу әскер мен атты әскер құрады. Басқа ұлттың өкілдеріне патша мен оның айналасындағылар көп сене қоймады. Бұлардан басқа, патша сауда жолдарының қауіпсіздігін қолға алды, сатраптардағы салық жүйесін жетілдірді (парсыларды салықтан босатты, т.б.), барлық сатраптар өңделетін жер көлемі мен құнарлылығына қарай қазынаға 232200 кг-дай күміс өткізіп тұрды. Мемлекетте біртұтас ақша жүйесі жасау мақсатында, «дарик» (салмағы 8,4 г.) шығарылды. Оны патша мәнет сарайы ғана шығарды. Құрамында алтын көп болғандықтан дарик ғасырлар бойы шығыс елдеріндегі сенімді ақша есебінде пайдаланылып келді.

Отандық тарихнама үшін I Дарий қалдырған сына жазбалардың құны зор. Ғылыми айналымға түсісімен олардың әрқайсысы шетелдік зерттеушілер тарапынан жан-жақты қарастырылып, өзіндік бағасын алуда. Бұлар, әрине, I Дарийдің өз жетістіктерін ғана емес, сонымен бірге сол замандардағы діни көзқарастарды, мемлекеттер атауы мен тарихын, қоғамдық қатынастарды, саяси жағдайларды, салық жүйесі мен түрлі соғыстарды бізге жеткізген деректемелік кешен болып табылады. Көне парсы дереккөздерін зерттеуге Ж.Стев, Ф.Валл, В.Хинц, М.Майерхофер, Р.Кент, Дж. Кэмерон, т.б. шетелдік ғалымдар орасан зор үлес қос-

қан болатын.

Ең алдымен «Қазақстан тарихында» І Дарий тасқа қашатып түсірген «Бехистун сына жазуына» ерекше мән беріледі. Оны кейбір ғалымдар б.з.б. 516 ж. көне парсы, элам және бабыл тілдерінде жартасқа қашалып түсірілген деп есептейді. Көне замандардың білгір маманы М.А. Дандамаев бұл жазудың негізгі мәтіні (I-IV бағаналардағы көне парсы нұсқасы) б.з.б. 521 жылдың желтоқсанынан б.з.б. 518 жылдың көктеміне дейін жазылған деп пайымдайды. Ал, V-ші бағанасы б.з.б. 518 ж. жазылуы мүмкін. V-ші бағана мағлұматтарын Ксеркс жазбаларымен өзара байланыстырып, сол заманда діни наным-сенім үшін соғыстар болғандығын В.И. Абаев «Пятый столбец Бехистунской надписи Дария I и антидэвская надпись Ксеркса» атты мақаласында көрсетіп берген. Автор І Дарий сақтарға жорық жасағанда оларға өзі табынатын Ахура-Мазданы мойындату үшін соғыс жариялаған деп есептейді. Ғалымдар арасында І Дарийдің скифтерге немесе сақтарға жасаған жорығының бағыты туралы сан алуан пікірлер бар. Олардың барлығы да болашақта бір ізге түсірілуі қажет.

Германиялық ғалым Х. Лушей 1963 жылдан бастап Бехистун тауы мен оның төңірегінде қазба жұмыстарын жүргізіп, қосымша тың мәліметтер алған болатын. Ғалым 1968 ж. Тегеран мен Ширазда өткен Иран мәдениеті мен археологиясының V Халықаралық конгресінде Бехистун проблемасына арналған баяндамасында аталмыш жазу І Дарий патшаның көне парсы жазуын енгізгендігін айғақтайды деп көрсетеді. Қалай болғанда да, бұл әлі де зерттеуді қажет етеді.

Патша бұл сына жазуында өзі жеткен жетістігін былай деп баяндайды: «Дарий патша былай деп сөйлейді: Мына жерлер менің билігіме өтіп, Ахура-Мазданың еркімен мен олардың патшасы болдым. Персия, Сузиана, Бабыл, Ассирия, Арабия, теңіз жағасындағы Египет, Спарда, Иония, Мидия, Армения, Капподокия, Парфия, Дрангиана, Ария, Хорез-

мия, Бактрия, Соғдиана, Гандары, сактар, саттагидтер, Арахозия, мактар. Барлығы жиырма үш аймақ. Олар маған алым-салық төледі және менің барлық бұйрықтарымды орындады». Сондай-ақ, оның «мен сақтарға қарсы жорыққа шықтым, жауымды өлтірдім, оны тұтқынға алдым. Маған қарсы Сақұқа (Сакука) көтеріліске шықты, мен оны тұтқындадым... сонан кейін басқа көсем ...» деген сөздері сақталған. Бұдан біз сақтардың саяси тарихы жөнінде азды-кемді мағлұматтар ұшырастырамыз. Бұған қарап, сақтардың бір бөлігі парсылардың билігін мойындағанын анық көреміз. Мұның өзі ұзақ уақытқа созылмаса керек.

Көне Қазақстан тарихына қатысты парсы деректерінің басым бөлігін қалдырған І Дарий жазбалары басқа патшалардың жазбаларына қарағанда қатесіз тасқа қашалуымен ерекшеленеді. Жазулардың белгілі бір бөлігі табиғи күштер әсерінен өшуі, бүлінуі мүмкін. Бірақ оларда қате жоқ десе де болады. Көпшілік жазбаларында құдайы Ахура-Маздаға үнемі мадақ айтылып отырады. І Дарий өзінің билікке келуін соның атымен тікелей байланыстырады. Мысалы, Суз қаласынан табылған І Дарий мүсініндегі сына жазбада былай делінген: «Бог велик Ахура-Мазда, который эту землю создал, который то небо создал, который человека создал, который благоденствие создал для человека, который Дария царем сделал...». Мұндай табынушылық патша мирасқорлары (Ксеркс, Артаксеркс II, т.б.) тарапынан өз жалғасын тапқан. Тіпті, Ксеркс сына жазулары түгелдей дерлік Дарийдің сөз мәтінін қайталайды, тек адам аттары мен шағын қосымша мағлұматтар қосылған. Дарий басқа құдайларды айтқанымен, есімдерін өз жазбаларында қолдана қоймайды. Есесіне Артаксеркс II жазбасында Ахура-Маздамен бірге Анахита мен Митра құдайларына да табынушылық байқалады. Бұл сол кездегі қоғамдағы діни өзгерістердің эволюциялық дамуын көрсетсе керек.

Қазақстан тарихының ежелгі беттеріне қосым-

ша материалдар алуға болатын дереккөздерінің бірі Персеполь қаласынан табылған сына жазбалар деуге болады. Археологтардың қажырлы еңбектерінің арқасында Персеполь қаласында жүргізілген далалық ізденістер барысында сақтарға қатысты мәліметтер табылған-ды. Оны «Персеполь жазуы» дейміз. Аталмыш жазу жоғарыда айтылған «Бехистун сына жазуымен» тікелей үндеседі. Мұнда да Дарий патша атынан жазылған бехистундық сөздер қайталанады десе болады. Мәтінді өзгертпей орыс тілінде берер болсақ, Персеполь жазуында былай делінеді: «По воле Аура-Мазды (Ахура-Мазда) – вот те области, которыми я владел силой персидского народа, которые меня боялись и приносили мне дань: Сузиана, Мидия, Вавилония, Аравия, Ассирия, Египет, Армения, Спарда, ионийцы материковые и морские и провинции на восходе солнца – сагартии, Парфия, зараки (дрангиане), Ария, Бактрия, Согдиана, Хоразмия, саттагиды, Арахозия, Индия, Гандария, саки» (Древние авторы... 34-бет). Мәтіндегі сөздерде сақтар ең соңынан аталынады. Сірә, Дарий патша оларды басқаларға қарағанда ең соңынан өзіне бағындырған болса керек. Бәлкім, сақтардың оған бағынуы ұзақ уақыт болмаған да шығар. Сақтар көтерілістерге шығып, олар мекендеген аудандар парсы патшасы үшін ең тынышсыз аймақтар болуы да ықтимал.

Сол замандардағы дәстүрге сай I Дарий өлмей тұрып өзіне сағана-там соқтырды. Археологтар Персеполь қаласына таяу жердегі Нақши-Рүстем жартастарынан әсем де әспетті патшаның қабірханасын тауып, зерттеген. Мұндағы құлпытасқа жазылған жазулар да (екі нұсқасы бар) патшаның өмірінде істеген әрекеттерін, қол жеткізген табыстарын әлемге соңғы рет паш етті. Зерттеушілер нақши-рүстемдік сына жазуды үш бөлікке бөледі. Біріншісі – кіріспе. Онда Ахура-Маздаға мадақ айтылады. Екінші негізгі бөлімде патшаның өмірге деген көзқарастары, қоғамда орын алуы тиіс ада-

ми қатынастар, ізгілікті істер мен ақыл-парасаттылық, патшаның жеке басының қадір-қасиеттері, т.б. мәселелер жайында сөз өрбітіледі. Қорытынды бөлік бұратана халыққа арналған, мұнда патшаның кім екендігін біліп жүру керектігі көрсетілген.

Айта кететін бір жайт, ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аумағында орналасқан көптеген қорымдардағы (Бесшатыр, Шілікті, т.б.) обалардан сан алуан дромос (дәліз) орындары анықталған. Ғалымдардың көпшілігі дромос ғұрыптық мәнде болды, ол тасаттық беру үшін ғана пайдаланылды деп есептейді. Біздің ойымызша, ерте темір дәуіріндегі тайпалардың көпшілігіндегі дромостар арқылы мәйіт жерленген болуы да мүмкін. Көне дәстүрге орай сақ-үйсін патшалары да өздеріне өлмей тұрып биік обалар үйсе керек. Кейіннен дромос арқылы өлік денесі оба ортасына қойылып, ауызы бекітілген. Мұндай өлмей тұрып өзінің о дүниелік мекенін алдын ала дайындау ғұрпы біздің жыл санауымызға дейінгі көптеген халықтарда кездеседі. Мысалы, I Дарийдан басқа, қытайлықтарды алғаш рет біріктірген Цинь Шихуан (б.з.б. III ғ.), т.б. ірі археологиялық нысандардың иелерін айтуға болады.

Қорыта айтқанда, I Дарий патша қалдырған азды-кемді мағлұматтардың ежелгі кезеңді қарастырған отандық тарихнама үшін маңызы зор болып табылады. Болашақта патша қалдырған дереккөздерін антикалық авторлардың мәліметтерімен байланыстырып, өзара қатыстылығын анықтау қажет. Сондай-ақ, патша мирасқорларының (Ксеркс, т.б.) сына жазуларын да бір ізге түсіріп, топтастыру және басқа дерек көздерімен байланыстыру керектігі байқалып келеді. Мұндай деректемелер жүйелеуді, ғылыми талдаудан өткізілуді қажет етеді. Сол себепті, ежелгі Қазақстан тарихына қатысты барлық парсы дереккөздерін шоғырландырған ізденістер болашақтың еншісіне қалып отыр.